

Юридические науки

УДК 347.133.72:061.1 ЕЭО

Зиин Камила Радиевна

«Университет КАЗГЮУ» АҚ

магистранты

Зиин Камила Радиевна

магистрант

АО «Университет КАЗГЮУ»

Ziin Kamila

Undergraduate of

JSC «KAZGUU University»

**ЕУАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚҚА МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕ
СУРРОГАТ АНА БОЛУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
(САЛЫСТЫРМАЛЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ АНАЛИЗ)
ПРАВОВЫЕ ОСНОВЫ И ОСОБЕННОСТИ СУРРОГАТНОГО МАТЕРИНСТВА
В СТРАНАХ ЕВРАЗИЙСКОГО ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОЮЗА
(СРАВНИТЕЛЬНО-ПРАВОВОЙ АНАЛИЗ)
LEGAL FRAMEWORKS AND FEATURES OF SURROGATE MOTHERHOOD OF
THE EURASIAN ECONOMIC UNION COUNTRIES**

***Аңдатпа.** Берілген мақала ЕАЭО мүше мемлекеттерде суррогат ана болудың құқықтық негіздері мен ерекшеліктерін зерттеуге арналған. Автормен ЕАЭО мүше мемлекеттердің суррогат ана болу қатынастарын реттеуге бағытталған заңнамаларының ұқсастықтары мен айырмашылықтары қарастырылған.*

***Кілт сөздер:** суррогат ана, суроогат ана болу, суррогат ана болу шарты, генетикалық ата-ана, бедеулік.*

***Аннотация.** Данная статья направлена на исследование правовых основ и особенностей суррогатного материнства в странах участницах ЕАЭС. Так же автором рассмотрены сходства и различия*

законодательства стран ЕАЭС направленных на регулирование отношений суррогатного материнства.

Ключевые слова: суррогатная мать, суррогатное материнство, договор суррогатного материнства, генетические родители, бесплодие.

Summary. This article is sent to research of legal frameworks and features of substitute maternity in countries participants of EAEC. Similarly an author is consider likenesses and distinctions of legislation of countries of EAEC of the relations of substitute maternity sent to adjusting.

Key words: surrogate, surrogacy, contract of surrogate motherhood, genetic parents, infertility.

Өзіннен кейін ұрпақ қалдыру, әулетті жалғастыру бұрынғы заманнан келе жатқан өзекті мәселе. Әйел адамның бедеулік және ер адамның бедеулік мәселелері қазіргі заманда да кең өріс алып талқылануда. Медициналық статистикаға жүгінетін болсақ, Қазақстан Республикасында барлық ерлі-зайыптылардың 15%-ы табиғи жолмен бала көтере алмайды [9]. Қазақстан Республикасының Ата Заңының 27-бабы бойынша «неке және отбасы, ана мен әке және бала мемлекеттің қорғауында болады» [1] және Қазақстан Республикасының Президентінің 2008 жылғы халыққа жолдауы бойынша «Халықтың денсаулығы – мемлекетіміздің ең басты байлығы және стратегиялық маңызды мәселелердің санатына жатады» [2]. Осығын сәйкес азаматтардың репродуктивтік денсаулығы да мемлекетіміздің маңызды мәселелерінің бірі. Бедеулікті емдеу қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларға жүгінуді көздейді. Сондай қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологиялардың бірі суррогат ана болу. Бедеулікті қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану арқылы емдеу сонау ежелгі заманнан бері қолданылып жүр, мәселен қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологиялардың суррогат

ана болу бір түрі Ежелгі Рим мемлекетінде пайда болған. Ежелгі Рим ер азаматтары үйінде мұрагері жоқ отбасына өз әйелдерін сол отбасының мұрагерін туу үшін берген [10, 4-7 б]. Қазіргі таңда суррогат ана түсінігі өзгеше болғанымен бастауы табиғи болғаның жасыра алмаймыз.

Еуразиялық Экономикалық Одаққа (бұдан әрі ЕАЭО) мүше мемлекеттердің суррогат ана болу мәселелерін құқықтық тұрғыдан толық түсіну үшін, ЕАЭО мүше мемлекеттерде суррогат ана болу мәселелерінің ұқсас тұстарымен қатар, айырмашылықтарын және ЕАЭО мүше мемлекеттерде суррогат ана болудың ерекшеліктерін қарастырып өту қажет.

ЕАЭО мүше мемлекеттер суррогат ана болу талаптары мен шарттарының ерекшеліктерін мына заң нормаларында көрсетіп өткен, Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және Отбасы туралы» Кодексінде, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау туралы» Кодексінде, Ресей Федерациясының «Отбасы туралы» Кодексінде, «Ресей Федерациясының азаматтарының денсаулық сақтау негіздері туралы» Федералдық Заңында, Беларусь Республикасының «Неке және Отбасы туралы» Кодексінде, «Қосалқы репродуктивтік технологиялар туралы» Заңында, Армения Республикасының «Адамның репродуктивтік денсаулығы және репродуктивтік құқықтары туралы» Заңында және Қырғызстан Республикасының «Азаматтардың репродуктивтік құқықтары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы» Заңынды көрсетілген. Сонымен, ЕАЭО мүше мемлекеттердің суррогат ана болу түсінігін ашып өтсек.

Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 1-бабы 34-тармақшасы бойынша, «суррогат ана болу – сыйақы төлене отырып, суррогат ана мен ерлі-зайыптылардың арасындағы шарт бойынша, күні жетпей босану жағдайларын қоса алғанда, бала (балаларды) көтеру және туу» [4]. Көріп отырғанымыздай Қазақстан

Республикасының заңнамасында ақысыз суррогат ана болу мүмкіндігі қарастырылмайды. Беларусь Республикасының «Қосалқы репродуктивтік технологиялар туралы» Заңының 21-бабына сәйкес, «суррогат ана болу шарты суррогат ана донорлық аналық жыныс жасушасын қолданған әйелдің немесе генетикалық ананың туысы болған болса, донорлық аналық жыныс жасушасын қолданған әйелдің немесе генетикалық ананың жұбайының туысы болған болса өтемсіз болуы мүмкін». Туыс болу себебінен суррогат ана болу шартының өтемсіз болуы ЕАЭО, Беларусь Республикасынан басқа, мүше мемлекеттердің суррогат ана болу қатынастарын реттейтін заң нормаларында көзделмеген.

Қырғызстан Республикасының «Азаматтардың репродуктивтік құқықтары мен оны жүзеге асыру кепілдіктері туралы» заңының 1-бабы 19-тармақшасы бойынша, «суррогат ана болу – суррогат ана мен ерлі-зайыптылардың арасындағы шарт бойынша, баланы көтеру мен тууды көздейтін, қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологиялардың бір түрі» [6].

Ресей Федерациясында суррогат ана болу түсінігі «Ресей Федерациясының азаматтарының денсаулық сақтау негіздері туралы» Федералдық Заңының 55-бабы 9-тармағында көрсетілген, ол бойынша «суррогат ана болу суррогат ана мен жыныстық клеткалары ұрықтандыруға қолданылған болашақ ата-ананың немесе медициналық көрсеткіштеріне байланысты бала көтеру не туу мүмкін емес жалғыз басты әйелдің арасында жасалған шарт негізінде суррогат ананың бала көтеруі және тууы» [5]. Армения Республикасында суррогат ана болу түсінігіне анықтама көрсетілмеген, сондықтан суррогат ана болу шартының да түсінігі толық зерттелмеген деген ойға келуге болады.

Суррогат ана болу шартының түсінігі тек Қазақстан Республикасында көзделген, мәселен «Неке (ерлі-зайыптылық) және Отбасы туралы» Кодексінің 1-бабы 35-тармағы бойынша, «суррогат ана

болу шарты - некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) және балалы болғысы келетін адамдар мен қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану жолымен бала көтеруге және тууға өз келісімін берген әйел арасындағы нотариалды куәландырылған жазбаша келісім» [4]. Суррогат ана болу шарты нотариалды куәландыруға жататындығын Армения Республикасының «Адамның репродуктивтік денсаулығы және репродуктивтік құқықтары туралы» Заңының 15-бабы 6-тармағы нормасында және Беларусь Республикасының «Қосалқы репродуктивтік технологиялар туралы» Заңының 21-бабы нормасында көрсетілген. Басқа ЕАЭО мүше мемлекеттер суррогат ана болу қатынастарын реттейтін заң нормаларында суррогат ана болу шартынның түсінігін анықтап өтпегенімен қатар оның міндетті нотариалды куәландыру қажет екендігін жазбаған. Құжаттын нотариалды куәландыру анық болғанымен заңды қарапайым халыққа арнап жазғандықтан мүмкіндігінше толыққанды түсіндіріп өту қажет.

Суррогат ана болу шарты – суррогат ана мен генетикалық ата-ананы байланыстырушы және олардың құқықтары мен міндеттерін және т.б. өзге де ережелерді қамтитын заңды құжат [11]. ЕАЭО мүше мемлекеттердің суррогат ана болу талаптарына келетін болсақ, Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 56-бабы 1-тармағы, Ресей Федерациясының «Ресей Федерациясы азаматтарының денсаулық сақтау негіздері туралы» Федералды заңының 55-бабы 10-тармағы және Беларусь Республикасының «Қосалқы репродуктивтік технологиялар туралы» Заңының 22-бабы гепотизасы бойынша, «суррогат ана жиырма бес жастан отыз бес жас аралығындағы, өзі көтеріп туған дені сау баласы бар әйел бола алады» деп көрсеткен. Қырғызстан Республикасы «Азаматтардың репродуктивтік құқықтары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы» Заңының 18-бабы 3-тармағы бойынша «суррогат ана жиырмадан

қырық жас аралығындағы, өзі туған дені сау баласы бар әйел бола алады» деп көрсеткен. Ал Армения Республикасы «Адамның репродуктивтік денсаулығы және репродуктивтік құқықтары туралы» Заңының 15-бабы 2-тармағында «суррогат ана он сегіз жастан отыз бес жас аралығындағы әйел адам бола алады» деп көрсетілген, осыған сәйкес Армения Республикасы заңнамасында өзі туған дені сау баласының болуы міндетті талап емес екендігін анық түсінуге болады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 56-бабы 1-тармағы, Ресей Федерациясы «РФ азаматтарының денсаулық сақтау негіздері туралы» Федералды заңының 55-бабы 10-тармағы, Армения Республикасы «Адамның репродуктивтік денсаулығы және репродуктивтік құқықтары туралы» Заңының 15-бабы 2-тармағы және Қырғызстан Республикасы «Азаматтардың репродуктивтік құқықтары және оны жүзеге асыру кепілдіктері туралы» Заңының 18-бабы 3-тармақтары бойынша, суррогат ана болу үшін талаптардың бірі міндетті медициналық тексерістен өту.

Белорусь Республикасы «Қосалқы репродуктивтік технологиялар туралы» Заңының 22-бабы нормасы суррогат анаға міндетті медициналық тексерісті өтуден басқа мынадай талаптарды қойған: сотпен әрекетқабілетсіз немесе әрекетқабілеттігі шектеулі деп танылмаған, ата-ана құқықтарынан айырылмаған немесе ата-ана құқықтары шектелмеген, өзіне жүктелген міндеттерді тиісті түрде орындамауы салдарынан қамқоршы немесе қорғаншы міндетінен шектелмеген, сотпен суррогат ана болуға ниет білдірген әйелдің кінәсінен бала асырап алудың күші жойылмаған, адамға қарсы ауыр немесе аса ауыр қылмыс үшін сотталмаған, қылмыстық іс бойынша күдікті немесе айыпталушы болып танылмаған әйел ғана суррогат ана бола алады.

Армения Республикасының «Адамның репродуктивтік денсаулығы және репродуктивтік құқықтары туралы» Заңының 15-бабы 3-тармағы мен

Қырғызстан Республикасының «Азаматтардың репродуктивтік құқықтары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы» Заңының 18-бабы 2-тармағы нормалары бойынша суррогат ана болуға ниет білдіруші әйел заңды некеде тұрған болса, онда жұбайының келісімі қажет. Ресей Федерациясы «Ресей Федерациясы азаматтарның денсаулық сақтау негіздері туралы» Федералдық заңының 55-бабы 10-тармағы және Беларусь Республикасы «Қосалқы репродуктивтік технологиялар туралы» Заңының 21-бабы бойынша суррогат ана болуға ниет білдірген әйел заңды некеде тұрған болса онда оның жұбайының жазбаша келісімі қажет. Ал Қазақстан Республикасы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 56-бабы 2-тармағы бойынша суррогат ана заңды некеде тұрған болса онда оның жұбайының жазбаша нотариалды келісімі қажет.

ЕАЭО мүше мемлекеттердің суррогат ана болу шартында балаға құқықтарына келетін болсақ, Қазақстан Республикасының «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 59-бабы 1-тармағы бойынша суррогат ана болу тәсілімен туған бала немесе балалардың ата-анасы болып суррогат анамен шарт жасасқан ерлі-зайыптылар болып танылады. Қазақстан Республикасы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінің 59-бабы, Қырғызстан Республикасын «Азаматтардың репродуктивтік құқықтары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы» Заңының 18-бабы және Беларусь Республикасы «Неке және Отбасы туралы» Кодексінің 52-бабтарына сәйкес суррогат ана болу шарты бойынша суррогат ана туған балаға ешқандай құқықтары жоқ. Қырғызстан Республикасы «Азаматтардың репродуктивтік құқықтары және оларды жүзеге асыру кепілдіктері туралы» Заңының 18-бабы 9-тармағы бойынша «бала туған соң балаға немесе ерлі-зайыптыларға қатысты іс-әрекеттері үшін суррогат ана Қырғызстан Республикасының заңнамасы бойынша жауаптылықта болады» [6]. Армения Республикасы «Адамның репродуктивтік денсаулығы және репродуктивтік құқықтары туралы»

Заңының 15-бабы 9-тармағы бойынша «суррогат ана Армения Республикасы заң талаптарына сәйкес ерлі-зайыптылармен (тапсырыс берушілермен) жасасқан шарт бойынша баланы бермеуге құқығы жоқ» [7]. Ал Ресей Федерациясы «Отбасы туралы» Кодексінің 51-бабы 4-тармағы бойынша, «заңды некеде тұратын және бала көтеру мақсатымен эмбрионды басқа әйелге имплантациялауға жазбаша келісімін берген тұлғалар баланы туған әйелдің рұқсатымен ғана баланың ата-анасы деп жазыла алады» [3]. ЕАЭО мүше мемлекеттердің қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдануға байланысты қатынастарды реттейтін заңдар бойынша суррогат анадан туған бала оның тууын тіркеуші органға тіркелгеннен кейін ерлі-зайыптылар ата-анасы болып танылады.

Көріп отырғанымыздай, ЕАЭО мүше мемлекеттердің суррогат ана болу саласындағы заңнамасында айтарлықтай өзгешеліктері жоқ. ЕАЭО мүше мемлекеттердің суррогат анаға қоятын талаптарында жас айырмашылықтары көрінген еді, бірақ ол халықтың денсаулығының көрсеткіші деп санасақ болады. Сонымен қатар, Белорусь Республикасында суррогат анаға қойылатын талаптарды анық толық ашып жазғаны дұрыс деп санаймыз және ЕАЭО мүше мемлекеттерге Қазақстан Республикасы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексі нормаларынан үлгі алып суррогат ана болу және суррогат ана болу шартының анықтамасын заңға енгізген дұрыс болады деп санаймыз.

Әдебиет

1. 30 тамыз 1995 жылы қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы / Қазақстан Республикасының ақпараттық-құқықтық базасы «Әділет» http://adilet.zan.kz/rus/docs/K950001000_ сайтынан.

2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2008 жылғы 16 ақпан / Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты «Ақорда» http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-nenazarbaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-2008-zhylgy-16-akpan сайтынан.
3. Кодекс Российской Федерации от 29 декабря 1995 г. «О семье» / Информационно-правовое обеспечение «Гарант» <http://base.garant.ru/10105807/> сайтынан.
4. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» №518-IV Кодексі 26 желтоқсан 2011 жыл / Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің ақпараттық құқықтық базасы «Әділет» <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1100000518> сайтынан.
5. Федеральный закон Российской Федерации от 21.11.2011 года №323-ФЗ "Об основах охраны здоровья граждан в Российской Федерации" / Консультант плюс – надежная правовая поддержка http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_121895/ сайтынан.
6. Закон Кыргызской Республики от 4 июля 2015 года № 148 «О репродуктивных правах граждан и гарантиях их реализации» / Централизованный банк данных правовой информации Кыргызской Республики <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/111191> сайтынан.
7. Закон Республики Армения от 11.12.2002 года «О репродуктивном здоровье и репродуктивных правах человека» / Из официального сайта Парламента Республики Армении <http://www.parliament.am/legislation.php?sel=show&ID=1339&lang=rus> сайтынан.

8. Закон Республики Беларусь от 07.01.2012 №341-З "О вспомогательных репродуктивных технологиях" / Законодательство Республики Беларусь <http://pravo.newsby.org/belarus/zakon0/z175.htm> сайтынан.
9. В Казахстане каждая шестая семья страдает от бесплодия / Международное информационное агентство «Kazinform» <http://www.inform.kz/ru/v-kazahstane-kazhdaya-she> сайтынан.
10. Аминова Ф.М. Исторические предпосылки развития вспомогательных технологии в Республике Таджикистан / Семейное и жилищное право. №4 2006. – С. 4-7.
11. «Договор суррогатное материнства», СВИТЧАЙЛД® – мы знаем всё о суррогатном материнстве <https://www.sweetchild.ru/genetic/arhive/do> сайтынан.